


**Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ
ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТИ**



БЕКІТЕМІН

Ш.Есенов университетінің
президент-ректоры


 Б.Б.Ахметов

**В021 – ОРЫНДАУШЫЛЫҚ ӨНЕР (6В02101-ДӘСТҮРЛІ МУЗЫКА
ӨНЕРІ) - БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ОҚУҒА
ТҮСУШІ ТАЛАПКЕРЛЕРГЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАННЫҢ
ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ**

Ақтау, 2026 ж

«Тарих және дәстүрлі өнер» кафедрасының отырысында мақұлданды:

Хаттама № 8, «22» 04 2026 ж.

Кафедра меңгерушісі  А.К.Нурманова

«Педагогика» факультетінің академиялық бюросының

№ 8 хаттамасы «23» 04 2026 ж.

АБ төрағасы  А.И.Мамбетова



1. Жалпы ережелер

1. «Есенов университеті» КЕАҚ шығармашылық мамандықтарға түсетін талапкерлерді қабылдау тәртібі жоғары білімнің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларымен регламенттеледі.

2. Шығармашылық емтиханның мақсаты - талапкердің шығармашылық қабілеттерінің болуын және шығармашылық бағыттағы кәсіпті игерудің жеке алғышарттарын тексеру.

3. 20.06.2026ж.–10.08.2026ж.–шығармашылық мамандықтарға өтініштер қабылдау.

4. 07.07.2026ж. –15.08.2026ж. – шығармашылық емтихандарды өткізу.

5. Шығармашылық емтихандарды ұйымдастыру және өткізу үшін осы саладағы құзыретті мамандар қатарынан емтихан комиссиясы құрылады, олардың құрамын «Ш.Есенов КТИУ» КЕАҚ президенті бекітеді.

6. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан кестесін (емтиханды өткізу нысаны, күні, уақыты, емтихан тапсыру орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және құжаттарды қабылдау басталғанға дейін оқуға түсушілердің назарына жеткізіледі және ЖЖОКБҰ-ның ресми интернет-ресурсында жарияланады.

7. Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаты бар оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихандар 50 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

2. Шығармашылық емтихандарды өткізу тәртібі

1. Шығармашылық емтихандарды өткізу аудиториясына жіберуді және емтихандарды өткізу кезінде құқықтық тәртіпті сақтауды қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы және оның орынбасары, емтихандарды өткізуге тартылған арнайы кезекшілер, техникалық хатшылар қамтамасыз етеді.

2. Шығармашылық емтихандарды өткізу кезінде аудиторияда емтихан комиссиясы төрағасының рұқсатынсыз бөгде адамдардың болуына жол берілмейді.

3. Талапкер шығармашылық емтиханға кестеде көрсетілген күн мен уақытта келуге міндетті.

4. Емтихан алушыны шығармашылық емтихан өткізу аудиториясына жіберу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады.

5. Шығармашылық емтихандарды өткізу кезінде талапкер өзімен бірге жеке басын куәландыратын құжатты, емтихан тапсыруға қажетті кеңсе керек-жарақтары мен заттарды ғана алып жүруі тиіс. Талапкер қосымша заттарды аудиторияда арнайы бөлінген үстелде (аудиторияға кіре берісте) қалдырады.

6. Шығармашылық емтихандарда тыныш және қолайлы жағдай қамтамасыз етілуі керек, оқуға түсушілерге өздерінің білімдері мен дағдыларының деңгейін барынша толық көрсетуге мүмкіндік берілуі керек.

7. Шығармашылық емтихандарды өткізу кезінде аталған іс-шараларға қатысушыларға және оларды өткізуге тартылатын адамдарға өздерімен бірге байланыс құралдарын алып кіруге және пайдалануға тыйым салынады. Емтихан кестеде белгіленген уақытта басталады.

9. Емтихан өткізу ережелерін бұзғаны үшін талапкер аудиториядан шығарылуы мүмкін.

10. Талапкердің киім үлгісі классикалық үлгіде болуы шарт.

11. Талапкер емтиханның басталуына бір сағаттан артық кешігіп келген жағдайда талапкер түсу сынағына келмеген болып есептеледі.

12. Дәлелді себепсіз емтиханға келмеген талапкерлер емтихан тапсыруға жіберілмейді.

13. Дәлелді себептермен (ауру немесе құжаттамамен расталған өзге де мән-жайлар) шығармашылық емтиханға келмеген адамдар оларға қосымша белгіленген күні жіберіледі.

14. Тиісті емтихандарға қайта қатысуға рұқсат етілмейді.

15. Емтихан жұмыстарын тексеру тек университет ғимаратында жүргізіледі.

16. Шығармашылық жұмыстарды тексеруді тек емтихан алушылар, бекітілген емтихан комиссиясының мүшелері жүргізеді.

17. Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары бағалау парағымен және комиссияның хаттамасымен ресімделеді.

18. Тексерілген жұмыстарды, емтихан бағалау парақтарын және тексерілген емтихан алушылардың бағалары мен қолдары бар хаттамаларды пәндік емтихан комиссиясының төрағасы нәтижелерді жариялау үшін жауапты хатшыға (оның орынбасарына) береді.

19. Шығармашылық емтиханды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

3. Апелляциялық комиссия

1. Шығармашылық емтихандарды бағалау кезінде талаптардың сақталуын қамтамасыз ету және даулы мәселелерді шешу, шығармашылық емтихандарды тапсыратын адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында емтихандарды өткізу кезеңінде апелляциялық комиссия құрылады.

2. Апелляциялық комиссиялар шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеген адамдардың өтініштерін қарау үшін құрылады. Апелляциялық комиссияның құрамын «Ш.Есенов атындағы КТИУ» ҚЕАҚ басшысы емесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен бекітіледі.

3. Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына шығармашылық емтихан тапсырған адам жеке өзі береді, шығармашылық емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00 дейін қабылданады және апелляциялық комиссия бір күн ішінде қарайды.

4. Апелляциялық комиссия әр адаммен жеке жұмыс істейді. Тапсырушы апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда оның апелляцияға берген өтініші қаралмайды.

5. Шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға мен комиссияның барлық мүшелері қол қойған хаттамамен ресімделеді.

4. Шығармашылық емтихандарға қойылатын талаптар

Жоғары оқу орындарына қабылдау қағидаларына сәйкес аталған мамандық бойынша екі шығармашылық емтихан белгіленді, атап айтқанда:

1. Жеке бағдарламаны орындау.
2. Музыкалық-теориялық пәндер бойынша ауызша емтихан (музыканың қарапайым теориясы, сольфеджио).

Жиынтығында бұл емтихандар талапкерлердің таңдаған мамандығы бойынша оқуға дайындығын тексеріп, олардың орындаушылық мәдениеті мен музыкалық-теориялық білімдерінің деңгейін белгілеуі керек.

6B02101 – «Дәстүрлі музыка өнері» мамандығы бойынша шығармашылық емтихандар бағдарламасы арнайы білім беруді ескере отырып, музыка колледжі пәндерінің курсына негізделеді. Кәсіби деректерді кешенді тексеру екі шығармашылық емтиханды қамтиды.

Шығармашылық емтихандарды тапсыру үшін талапкерге қажетті білім көлемі:

Талапкер білуі керек:

- нота сауатын
- музыкалық терминология;

- негізгі музыкалық стильдер мен жанрлар;
- әуендік үйлесімділік.

Талапкер білуі керек:

- аспаппен арнайы бағдарламаны орындау, айту немесе ойнау;
- сахна мәдениеті;

1. «Жеке бағдарламаны орындау» шығармашылық емтиханы

«Жеке бағдарламаны орындау» шығармашылық емтиханы талапкерлердің дайындық дәрежесін, музыкалық аспапты кәсіби меңгеруін анықтайды.

Бұл шығармашылық емтиханда талапкер музыкалық мүмкіндіктерін көрсету керек:

Бір шығармашылық емтихан ең көбі 50 баллмен бағаланады.

- дәстүрлі ән мен мақам-саз үлгілері;
- аспапта орындау шеберлігі;
- дауыс кеңістігі мен дикция;

Бірінші шығармашылық емтиханға қойылатын талаптар

- орындаушылық шеберлік;
- сахна мәдениеті;
- шығармадағы көркем образдың сәйкестігі.

1-ші шығармашылық емтиханды бағалау критерийлері

Ең жоғары балл саны – 50, оның ішінде:

- дәстүрлі әуен мен мақам-саз үлгілерін сақтау – 10 ұпай;
- аспапта орындау шеберлігі – 10 ұпай;
- дауыс кеңістігі мен дикциялық ерекшеліктерді сақтау – 10 ұпай;
- шығарманың күрделілігі (терме, толғау, дастан) мен орындаушылық деңгейі – 20

2 «Музыкалық-теориялық пәндер» бойынша (музыканың қарапайым теориясы/ гармония/ сольфеджио) шығармашылық емтиханы

Шығармашылық емтихан музыка теориясы және сольфеджио пәндері бойынша тапсырылады:

- нота сауатының болуы
- анық естілетін дауыс пен кемінде бір жарым октава көлеміндегі тұрақты дыбыс диапазонының болуы;
- таза интонация;
- ырғақты, музыкалық және мәнерлі орындау шеберлігі.

Ең жоғары балл саны – 50, оның ішінде:

-емтихан қабылдаушы ұсынған аккордтардағы дыбыстар санын, сондай-ақ мажор және минор аккордтардың айырмашылығын есту арқылы анықтау – 15 ұпай.

-ритмикалық қабілетті тексеру: емтихан қабылдаушы көрсеткен ырғақтық үлгіні дәл қайталау – 15 ұпай.

-Музыкалық есте сақтау қабілеті: ұсынылған әуенді қайталап орындау (әндетіп немесе аспапта ойнау арқылы) – 20 ұпай.

3.«Жеке бағдарламаны орындау» шығармашылық емтиханы

\қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілер үшін\

«Жеке бағдарламаны орындау» шығармашылық емтиханы арнайы музыкалық оқу орнын бітірген талапкерлердің дайындық дәрежесін, музыкалық аспапты кәсіби меңгеруін анықтайды.

Бұл шығармашылық емтиханда талапкер музыкалық мүмкіндіктерін көрсету керек:

Бір шығармашылық емтихан ең көбі 20 баллмен бағаланады.

-дәстүрлі ән мен мақам-саз үлгілері;

-аспапта орындау шеберлігі;

-дауыс кеңістігі мен дикция;

Шығармашылық емтиханға қойылатын талаптар

-орындаушылық шеберлік;

-сахна мәдениеті;

-шығармадағы көркем образдың сәйкестігі.

Шығармашылық емтиханды бағалау критерийлері

Ең жоғары балл саны – 20, оның ішінде:

-дәстүрлі әуен мен мақам-саз үлгілерін сақтау – 5 ұпай;

-аспапта орындау шеберлігі – 5 ұпай;

-дауыс кеңістігі мен дикциялық ерекшеліктерді сақтау – 5 ұпай;

-шығарманың күрделілігі (терме, толғау, дастан) мен орындаушылық деңгейі – 5

5. Шығармашылық емтихандар мен кеңес беру кестесі

1. Шығармашылық емтихандар мен кеңес беру кестесі

Шығармашылық емтиханды тапсыруға грантқа үміткерлердің өтініштері күнтізбелік жылдың 20 маусымынан 5 шілдесіне дейін қабылданады. Шығармашылық емтихан күнтізбелік жылдың 7 шілдесі мен 10 шілдесі аралығында өткізіледі.

| № | Емтихан өткізу формасы | Күні | Уақыты | Аудитория |
|-------------------|---------------------------|------------|-------------|-----------|
| Кеңес беру | | | | |
| 1 | 1-ші емтиханға кеңес беру | 07.07.2026 | 10:00-12:00 | Д102 |
| 2 | 2-ші емтиханға кеңес беру | 09.07.2026 | 10:00-12:00 | Д102 |
| Емтихан | | | | |
| 1 | 1-ші шығармашылық | 08.07.2026 | 10:00-13:00 | Д102 |
| 2 | 2-ші шығармашылық | 10.07.2026 | 10:00-13:00 | Д102 |

2. Шығармашылық емтихандар мен кеңес беру кестесі

Ақылы түрде оқытуға шығармашылық емтиханды тапсыруға өтініштер күнтізбелік жылдың 13 шілдесі мен 10 тамызы аралығында қабылданады. Шығармашылық емтихан күнтізбелік жылдың 11 тамызынан 14 тамызына дейін өткізіледі.

| № | Емтихан өткізу формасы | Күні | Уақыты | Аудитория |
|-------------------|---------------------------|------------|-------------|-----------|
| Кеңес беру | | | | |
| 1 | 1-ші емтиханға кеңес беру | 11.08.2026 | 10:00-12:00 | Д102 |
| 2 | 2-ші емтиханға кеңес беру | 13.08.2026 | 10:00-12:00 | Д102 |
| Емтихан | | | | |
| 1 | 1-ші шығармашылық | 12.08.2026 | 10:00-13:00 | Д102 |
| 2 | 2-ші шығармашылық | 14.08.2026 | 10:00-13:00 | Д102 |

«Тарих және дәстүрлі өнер»
кафедра меңгерушісі



А.К.Нурманова